



Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 қарашадағы № 565 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 3 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5025 болып енгізілді

Колданушылардың

назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Ескеरту. Бүйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрлігінде 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрлігінде 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Министрдің

міндеттін

атқаруышы

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

2007

жылғы

21

министрлік

N 565 бүйрығымен бекітілген

қарашадағы

Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптар

Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрлігінде 22.06.2015 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Куәліктерді, атtestatтарды, кәсіптік даярлау туралы куәліктерді, дипломдарды және олардың қосымшаларын оку орны каллиграфиялық жазумен (қара түшпен немесе қара түсті шарлы қаламмен) немесе баспа жабдығының